

**АХМЕТ ЯСАУИ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**Филология факультеті**

**Қазақ филологиясы кафедрасы**

**Тақырыбы:Баспа ауруы**

**Оқытушы:Молдашева А.А.**

**Тобы:ЖМ-424**

Жоспар

Кіріспе

1.Баспа ауруы

2.Баспа ауруының жұғу жолдары:

3.Ауру кезеңдері:

4.Үйде емделу:

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:



# КІРІСПЕ

**Баспа.** Жиі кездесетін аурудың түрі. Жас балаларды айтпағанның өзінде үлкендердің өзі осы дертке жиі шалдығады. Баспа – тамақ безінің қабынуынан пайда болатын ауру түрі. Жылына 2-3 реттен артық аурып, әр ауырған сайын өте ауыр түрде өтетін болса, оны хирургиялық жолмен алдырту қажет. Ондай болмаса, пышаққа түспеуге тырысыңыз. Тамақ безі адам ағзасының иммунитетін көтеруге сеп болады. Сондықтан, артық қыламын деп тыртық қылып алуыңыз бек мүмкін. Ал асқынған жағдайда бүйрек, жүрек секілді маңызды органдарға әсері үлкен. Баспамен қыс мезгілінде ғана емес жазда да ауырады. Оған себеп – ыстық күні терлеп тұрып, салқын су ішіп, өзен-көлдерге шомылу. Тамақ ісініп, құрғап, жұтыну кезінде ауырсыну пайда болады. Иммунитеттің төмендеуінен адам әлсірей бастайды..



# БАСПА АУРУУЫ

**Баспа**, ангина (латынша *ango* -қысамын, тұншықтырамын) көмейдегі бадамша бездерінің қабынуынан болатын жұқпалы ауру. Оның қоздырғышы-стрептококк бактериясы. Баспа адам организмінің түрлі жұқпалы вирустарға қарсы тұру қабілеті төмендегенде, суық тигізгенде, витаминдер жетіспегенде, шаршағанда пайда болады. **Баспа**-бадамша бездерінің ісініп, жұтқыншақтың қызаруымен басталады; тамақ құрғап, жұтындырмайды. Тамақ бездері ісініп, қол тигізбей ауырады. Дене қызуы көтеріліп, бас ауырады, буын сырқырайды, адам дел-сал болып әлсірейді. Ауру асқынғанда бадамша бездері қабынып, ақшыл сары ірің пайда болады. Баспаны дер кезінде емдемесе, ортаңғы құлаққа өтуі мүмкін.





## БАСПА АУРУЫНЫҢ ЖҰҒУ ЖОЛДАРЫ:

Жұқпа көзі – стрептококты жұқпаның түрлі түрлерімен ауыратын науқастар (жәншаулық баспа, стрептодермия, синусит және т.б.), сонымен қатар гемолитті стрептококк тасымалдаушылар. Таралудың негізгі жолы – ауа-тамшы арқылы, күнделікті күтіну үшін қолданылатын заттар, ыдыс-аяқ, киім-кешек, ойыншық арқылы таралу.

Баспаны қабылдағыштық қаупі айтарлықтай жоғары. Баспамен ауырған науқаспен ұзақ әрі жақын араласу ауруды жұқтыруға себеп болады. Ауруды науқас адамнан жұқтыру қаупі ағзаға гемолитті стрептококтың түсуінен ғана емес, бала иммунитетінің жағдайы мен ерекшеліктеріне де байланысты.





## Ауру кезеңдері:

• Ырықсыз клиникалық белгілерінің кезеңі – 7-10 күн аралықтары.

Реконвалесценция (аурудан жазылу) кезеңі – 10-15 күннен кем емес.


• Инкубациялық кезең – 1-7 күн аралықтары.







Лакунарная ангина



Катаральная ангина



Фолликулярная ангина



## **Үйде емделу:**

Дене қызуы басылғанға дейін және науқастың жалпы денсаулық күйі бір қалыпты болғанға дейін, яғни 5-7 күн бойы төсек тәртібін сақтау керек.

Аурудың жіті кезеңінде өте жеңіл емдәм қолдану керек. Үгітілген тағам ішіп, сүт және өсімдік өнімдерін пайдалануға болады, тұз бен тітіркендіргіш заттарды неғұрлым аз мөлшерде қолдану керек.

Бактерияға қарсы терапия курсы – 7-10 күн (2-3 буын пенициллин немесе макролидтер қатарынан (кларитромицин, сумамед, макропен)және цефалоспориндер).





## БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

- 1.Баспа дегеніміз не?
- 2.Баспа ауруы асқынған жағдайда қандай организмдерге әсер етеді?
- 3.Баспа ауруының қоздырғышы?
- 4.Баспа ауруының алғашқы белгілері?
- 5.Баспа ауруы асқынғанда қай безге әсер етеді?
- 6.Аурудың негізгі таралу жолы?
- 7.Баспа ауруының жұқпа көзі?
- 8.Аурудың аурудан жазылу кезеңі қанша күнге созылады?
- 9.Баспа ауруы неше кезеңнен тұрады?



10.Баспа ауруы кезінде бактерияға қарсы терапия курсы неше күн?

11.Жылына 2-3 реттен артық ауырып,әр ауырған сайын өте ауыр түрде өтетін болса,оны қандай жолмен алдырту қажет?

12.Баспа аурының қандай түрлері бар?

13.Баспаны жиі қоздыратын қай топтағы гемолитті стрептококк?

14.Баспаны қандай антибиотиктер мен ерітінділер мен тамақты шаю керек?

15.Созылмалы баспа ауруын емдейтін маман?

16.Алғашқы күні дене температурасы неше градусқа дейін көтеріледі?



# ҚОРЫТЫНДЫ

Баспа адам организмінің түрлі жұқпалы вирустарға қарсы тұру қабілеті төмендегенде, суық тигізгенде, витаминдер жетіспегенде, шаршағанда пайда болады. Баспа — бадамша бездерінің ісініп, жұтқыншақтың қызаруымен басталады; тамақ құрғап, жұтындырмайды. Тамақ бездері ісініп, қол тигізбей ауырады. Дене қызуы көтеріліп, бас ауырады, буын сырқырайды, адам дел-сал болып әлсірейді. Ауру асқынғанда бадамша бездері қабынып, ақшыл сары ірің пайда болады. Баспаны дер кезінде емдемесе, ортаңғы құлаққа өтуі мүмкін. Мұндай Баспа өзінен-өзі жарылады, кейде оған операция жасауға тура келеді. Баспаның жедел өтетін және созылмалы түрлері бар. Баспаны емдемесе, ауру бүйрекке, жүрекке, т.б. органдарға шабуы мүмкін. Сондықтан Баспаның алғашқы белгісі білінісімен дәрігерге жедел көрініп, созылмалы түрге өткізбей емделу қажет.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ормантаев К.С ,Қарабеков А.Қ
2. Google.kz



# ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

Туынды сөз түбір сөзге жұрнақ  
жалғау арқылы жасалады.

## Мысалы:

жақсы+лық=жақсылық

қала+шық=қалашық

айла+кер=айлакер

кітап+хана=кітапхана

күй+ші=күйші





• Түбір сөзбен туынды сөз арасында  
мағыналық байланыс болуы тиіс.

Мысалы: Бал сөзінен балшы, балгер деген  
сөздер жасалады. Ал бала балық деген сөздер  
онымен түбірлес болмайды.



# Туынды сын есім жұрнақтары

Есім сөздерден сын есім жасайтын:

- 1.-лы,-лі,-ды,-ді,-ты,-ті,
2. -сыз,-сіз,
3. -ғы,-гі,-қы,-гі,
4. -лық,-лік,-дық,-дік,-тық,-тік,
5. -шыл,-шіл,
6. -шан,-шең,
7. -дай,-дей,-тай,-тей,
8. -қой,-қор,-паз,-кер,-гер,
9. -и,-ы,-і,

Үтеуден сын есім жасайтын:-қ,-к,-ғ,-г,

Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақ:

- 1.-ғақ,-гек,-қақ,-кек,-ақ,-ек,
2. -ық,-ік,-қ,-к,
3. -ғыш,-гіш,-қыш,-кіш,
4. -ғыр,-гір,-қыр,-кір,
5. -шақ,-шек,
6. -ынды,-інді,-нды,-нді,
7. -малы,-мелі,-палы,-пелі,-балы,-белі,
8. -аған,-еген,
9. -ымды,-імді,
10. -улы,-улі,
11. -ма,-ме,-па,-пе,-ба,-бе,
12. -ыңқы,-іңкі,-ңқы,-ңкі,

# Туынды зат есімнің жұрнақтары

Рең мәнін  
тудыратын  
жұрнақтары:

- еке,-ке,-қа,-а,-е,
- й,
- тай,
- жан,
- қан,-кен,-қай,-  
кей,-ан,-ң,
- шак,-шек,
- шық,-шік,
- ша-ше,
- ш,-ыш,-іш,
- сымақ,

Есімдерден зат  
есім жасайтын  
жұрнақтар

- шы,-ші,
- шылық,-шілік,
- лық,-лік,-дық,-  
дік,-тық,-тік,
- кер,-гер,
- кеш,-стан,-паз,-  
қой,-қор,-хана,

Етістіктен зат есім  
жасайтын жұрнақтар

- м,-ым,-ім,
- ма,-ме,-ба,-бе,-па,-пе,
- қы,-кі,-ғы,-гі,
- с,-ыс,-іс,
- қ,-к,-ық,-ік,-ақ,-ек,
- ыш,-іш,
- н,-ын,-ін,
- у,
- ынды,-інді,
- ғыш,-гіш,-қыш,-кіш,
- уыш,-уіш,
- ыр,-ір,-р,-ар,-ер,

# *Туынды етістік жұрнақтары*

Есім сөздерден етістік жасайтын жұрнақтар:

1. -ла, -ле, -да, -де, -та,
2. -лан, -лен, -тан, -тен,
3. -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес,
4. -лат, -лет, -дат, -дет,
5. -а, -е,
6. -ай, -ей, -й,
7. -қар, -кер, -ғар, -гер,
8. -ар, -ер, -р,
9. -ал, -ел, -ыл, -іл, -л,
10. -ық, -ік,
11. -сы, -сі, -ымсы, -імсі,
12. -сын, -сін,
13. -сыра, -сіре,
14. -ыра, -іре,

# ТЕРМИНДЕРГЕ АНЫҚТАМА БЕРІҢІЗ.

- **Баспа-**
- **Витаминдер-**
- **Иммунитет-**
- **Синусит-**
- **Стрептодермия-**



## КЕРЕКТІ СӨЗДЕРДІ ОРНЫНА ҚОЙЫҢЫЗ

**Баспа.** Жиі кездесетін ..... түрі. Жас балаларды айтпағанның өзінде үлкендердің өзі осы дертке жиі шалдығады. Баспа – тамақ ..... қабынуынан пайда болатын ..... түрі. Жылына 2-3 реттен артық аурып, әр ауырған сайын өте ..... түрде өтетін болса, оны хирургиялық жолмен алдырту қажет.

- Керекті сөздер: безінің, ауыр, аурудың, ауыр.



## БЕРІЛГЕН СӨЙЛЕМДЕРГЕ СИНТАКСИСТІК ТАЛДАУ ЖАСАҢЫЗ.

**Баспа-**бадамша бездерінің ісініп, жұтқыншақтың қызаруымен басталады; тамақ құрғап, жұтындырмайды. Тамақ бездері ісініп, қол тигізбей ауырады. Дене қызуы көтеріліп, бас ауырады, буын сырқырайды, адам дел-сал болып әлсірейді.



## *САН ЕСІМНІҢ ТҮРІН АНЫҚТАҢЫЗ.*

- Ырықсыз клиникалық белгілерінің кезеңі – 7-10 күн аралықтары.
- Реконвалесценция (аурудан жазылу) кезеңі – 10-15 күннен кем емес.
- Инкубациялық кезең – 1-7 күн аралықтары.





# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ

1. Саусақтарыңызды бір-бірімен айқастырыңыз.

Егер оң қолыңыздың бас бармағы сол қолыңыздың бас бармағының үстінде жатса, паракқа «2» деп жазыңыз, егер сол қолыңыз үстінде жатса - «1».

2. Бір көзіңізді жұмып, кез келген нысанаға дәлдеп көздеңіз.

Егер сол көзіңіз ашық қалса, «1» санын жазыңыз, егер оң көзіңіз ашық қалса - «2».



3.

**ҚОЛЫҢЫЗДЫ КЕУДЕНІЗГЕ АЙҚАСТЫРЫҢЫЗ, ҚАЙ ҚОЛЫҢЫЗ  
ҮСТІДЕ ЖАТЫР?**

**ЕГЕР СОЛ ҚОЛЫҢЫЗ САУСАҚТАРЫ ОҢ ҚОЛЫҢЫЗДЫҢ  
ҮСТІНДЕ ЖАТСА, «1» САНЫН ЖАЗЫҢЫЗ, ЕГЕР ОҢ ҚОЛЫҢЫЗ  
ҮСТІДЕ ЖАТСА -«2».**

**4. КӨЛДЕНЕҢ ШАПАЛАҚТАҢЫЗ.**

**ЕГЕР СОЛ ҚОЛЫҢЫЗ ҮСТІДЕ БОЛСА - «1», ЕГЕР ОҢ  
ҚОЛЫҢЫЗ БОЛСА, ОНДА «2».**



**«2222» - (ЖҮЗ ПАЙЫЗ ОҢҚАЙ) – МІНЕЗІ ТҰРАҚТЫ, КОНСЕРВАТИЗМ, БІРЕУЛЕРМЕН ШИЕЛЕНІСУДЕН, ҰРСЫСУДАН ҚАШАДЫ.**

**«2221» - ЕҢ ҮЛКЕН КЕМШІЛІГІ – БАТЫЛСЫЗДЫҚ, ТАРТЫНШАҚТЫҚ.**

**«2212» - ӨТЕ АШЫҚ, КЕЗ КЕЛГЕН АДАММЕН ТІЛ ТАБЫСЫП КЕТЕДІ.**

**«2111» - ТҰРАҚСЫЗДЫҚ, ЖАЛТАҚТАҒЫШ, БІРЕУДІҢ ҚОЛДАУЫ МЕН ШІКІРІНЕ ТӘУЕЛДІ, ӨЗІНЕ СЕНІП ҮЙРЕНУ КЕРЕК.**

**«2211» - МҮНДАЙ ҮЙЛЕСІМ КӨП КЕЗДЕСЕ БЕРМЕЙДІ. АШЫҚ АДАМДАР, ЖАҚСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАЙДЫ, ӘРІ МІНЕЗДЕРІ ЖҰМСАҚ.**

**«2122» - БҮНДАЙ АДАМДАРДА АНАЛИТИКАЛЫҚ АҚЫЛ-ОЙ ЖҮЙЕСІ ҚАЛЫПТАСҚАН, МІНЕЗІ ЖҰМСАҚ. БӘРІНЕ САҚТЫҚПЕН ҚАРАЙДЫ, АДАМДАРМЕН ӨЗІН САЛҚЫНҚАНДЫ ҰСТАЙДЫ.**

**«2121» - БҰЛ ТІРКЕС ТЕ СИРЕК КЕЗДЕСЕДІ, ҚОРҒАНСЫЗДЫҚ, АДАМДАРДЫҢ ЫҚПАЛЫНА ҰШЫРАП ТҰРАДЫ.**

**«1112» - ӨТЕ ӘСЕРШІЛ, ҚАЙРАТТЫ ӘРІ БАТЫЛ АДАМДАР.**



**«1222» - жиі кездесетін мінез. Әсершіл, алайда өмірлік сұрақтарды шешуде жігерлік пен батылдық жетпей жатады, басқалардың ықпалына көніп кетеді. Өте ашық, адамдар өздері тартылады.**

**«1221» - әсершіл, батылдық жетіспейді, мінезі жұмсақ, аңғал.**

**«1122» - досжанды адамдар, бірақ сонымен қатар аңғал және қарапайым. Істерін саралап, өз-өзін қазбалауға құмар.**

**Қызығушылығы көп, бірақ уақыты жете бермейді.**

**«1121» - адамдарға қатты сенеді және мінезі өте жұмсақ. Көбіне шығармашылыққа бейім адамдар.**

**«1111» - (жүзпайыз солақай) – кертартпа адамдар.**

**Шығармашылыққа өте бейім. Көптеген заттарға ерекше көзқараспен қарайды. Өте әсершіл, дарашылдық, эгоизм басым. Қыңыр әрі өзімшіл, бірақ бұл оларға өмір сүруге кедергі емес.**

**«1212» - рухы мықты адамдар. Бірбеткей десе де болады, қойған мақсаттарына жетеді.**

**«1211» - өз-өзін қазбалауға құмар, тұйық адамдар, көпке ашылмайды, бірақ рухы мықты, алдына мақсат қойса ештеңеден тайсалмайды.**

**«2112» - жайдары, еркін мінезді, достарды тез табады, танысуы да оңай және қызығушылықтарын да жиі ауыстырады.**



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА**

**РАХМЕТ !!!**

